


**«Тәжірибеге бағытталған  
оқыту – кәсіби маман  
дайындаудың басты  
талабы»**





Қоғамдағы жоғары қарқынды өзгерістер, қайта құрулар, экономиканы дамытудағы жаңа стратегиялық бағдар, Республикамыздың қуатты елдер қатарына қосылуға деген ұмтылысы ғылым мен білім саласын әлемдік деңгейге көтеруде қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті. Сондықтан бүгінгі күні білімнің әр саласында біліктілігі жоғары, өзін, елін танытатын азаматты қалыптастыру, күзиретті тұлға, белсенді маман даярлау мәселесі өзекті, әрі күрделі болып отыр.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауында: «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық. Біз болашақтың жоғары технологиялық және ғылыми қамтымды өндірістері үшін мамандар қорын қалыптастыруда осы заманғы білім беру жүйесінсіз, әрі алысты барлап, ауқымды жаңаша ойлай білетін инновациялық экономика құра аламыз», – деп атап көрсетеді .





Қазақстан Республикасының Білім беру туралы Заңында: «Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау», - деп атап көрсетілген.





Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев «...Заманауи прогрестің мәнін білуіміз керек. Қазіргі шындық мынадай: бүгінгі мемлекет өзінің интеллектуалды ресурстарымен бәсекеге түсіп **«Интеллектуалды ұлт – 2020» идеясының мақсаты – жаңа қазақстандықтарды тәрбиелеу.** Елді адам капиталы арқылы бәсекеге қабілетті ету. Бәсекенің бастысы – білімнің бәсекесі. Бұл үшін біріншіден, білім жүйесінің инновациялық дамуына жол ашу керек, екіншіден, электронды қызмет көрсетуді жаңа заманға сәйкестендіру керек», – деп атап көрсетуінің өзі де қазіргі қоғамдық үдерісте тұлғаның белсенділігін қалыптастыру, бәсекеге қабілетті ұлт әлеуетін арттырудың негізгі құндылығы білім сапасы болып табылады



**Құзыреттілік**, біздің түсінігімізде, жеке тұлғаның теориялық білімі мен практикалық тәжірибесіне сай белгілі бір міндеттерді орындауға дайындығы және қабілеті. Құзыреттілік – күрделі де көпқырлы категория.

Латын тілінен аударғанда (**competentia** – әділ, дұрыс қорытынды; **competere** – дегеніне жету, сәйкес келу, жақын келу) «**құзырлық – өз ісін жетік білу, танымы мол, тәжірибелі**» деген мағынаны білдіреді. Белгілі бір саладағы құзырлықты меңгерген тұлға өз саласына сәйкес білім мен біліктілікпен қаруланған қандай да бір негізі бар ой-тұжырым жасайтын және тиімді әрекет ете алатын адамды есептеуге болады.



# Тәжірибе базалары:

мемлекеттік  
мекемелер


ұлттық  
компаниялар

шағын және  
орта бизнес  
кәсіпорындары



химия және химиялық технология факультеті физикалық химия, катализ және мұнайхимия кафедрасының 2014-2015 оқу жылында «5B072100 –Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығында оқитын 3 курс студенттерінің оқу жоспарына сәйкес, медициналық тексеру мен флюорографиядан өткен студенттерді 2015 жылдың 1 маусымнан 4 шілдеге дейін 5 апта

- Алматы қаласындағы «КазТрансОйл» АҚ, Шымкент қаласындағы «ПетроКазахстанОйл» ЖШС,
- Орал қаласындағы «Конденсат» ЖШС, Өскемен қаласындағы «Қазақстан майы және жағармайы» ЖШС,
- Орал қаласындағы «Карачаганак Петролеум Оперейтинг» Компаниясы,
- Ақтөбе қаласындағы «Интергаз Орталық Азия» АҚ,
- Ақтөбе облысы Қандыағаш қаласындағы «АДИАНТ» ЖШС т.б. кәсіпорындардан өндірістік тәжірибеден өтті.







Кәсіпорындар мен ұйымдарда өткізілген тәжірибеден кейін студенттер университет тәжірибе жетекшісіне күнделік-есеп дайындайды, оған:

- *Күнделік-есептің бастапқы беті(мөр басылған);*
- *Тәжірибе өтілген жерден немесе тәжірибе өтілген кәсіпорындағы жетекшіден мінездеме (мөр басылған);*
- *Есеп беру (кәсіпорын (ұйым) туралы және студенттің атқарған жұмыстары туралы жалпы мәлімет);*
- *Кәсіпорындағы жетекші қол қойған тәжірибеден өткен туралы күнделік кіреді.*







Әрбір студент күнде жасалып отырған жұмыстарының нәтижелерін «Универ жүйесінде» арнайы ашылып тұрған терезені толтырып отырды. Тәжірибе қорытындысы бағаланады, тәжірибеден өтушінің жұмыстарын, күнделік-есебінің орындалуын бақылап, сонымен қатар кәсіпорындағы тәжірибе жетекшісімен құрастырылған мінездеме негізінде оны университеттегі тәжірибе жетекшісі бағалайды.



Тәжірибе аяқталғаннан кейін университеттеде студенттер кафедра оқытушыларының алдында есеп береді, онда студенттердің тәжірибеден өту барысында жүргізілген жұмыстары мен алған тәжірибелерімен бөліседі.



- › 100 секциясы, ЭЛОУ-АТ ЛК-6У құрамалы қондырғының бастысы болып табылады, және ол батыс-сібір мұнай қоспасын өңдеуге арналған.
- › Процесс физикалық-химиялық әдістердің көмегімен жүргізіледі: тұзсыздандыру, сусыздандыру, ректификациялау, жылу алмастыру.







Нарықтық экономика жағдайында жұмыс берушілермен тығыз байланыста ғана университет өзінің басты мақсатын – жоғары кәсіби даярлыққа және еңбек нарығындағы сұранысқа ие, бәсекеге қабілетті білікті маманды дайындау мақсатын – орындай алады.

Сондықтан университет пен өндірістің ықпалдаса жұмыс істейтін уақыты жетті. Университет бұрынғыдай стандартты маман дайындау ісінен шегініп, инновациялық бағдарламалар дайындауы тиіс. Ал өндіріс, шаруашылық, ірі кәсіпорын жетекшілері білім ордасына қажетті маман үшін сұраныс беріп, оны дайындауға өзі белсене қатысып, оған жағдай жасағанда үлен нәтижелер мен жетістіктерге жетуге болады.



Назарыңызға рахмет

